

**№11 «Таңшолпан» бөбекжай-бақшасы**

**Кіші «Қошақан» тобы**

**Білім саласы: «Таным»**

**Ұымдастырылған оқу қызметі: Сенсорика**

**Тақырыбы: «Түстер әлемі»**

**Тәрбиеші: Нұрболат Меруерт**

**2021-2022 оқу жылы**

## «Түстер әлемі»

**Білім беру саласы:**Таным

**Бөлімі:**Сенсорика

**Тақырыбы:** «Түстер әлемі»

**Мақсаты:** Балаларға негізгі төрт түстерді топтастыруға үйрету: қызыл, сары, көк, жасыл. Балалардың коммуникативтік- ақпараттық құзіреттілігін молайтып, ой- түйсігін, қиялын дамыту. Сенсорлық ойлау қабілетін дамыту.

**Алдын ала жұмыс және сабаққа дайындық:** керекті құрал- жабдықтарды дайындау, «Түстерді қайталау».

**Сөздік жұмыс:** Қызыл, жасыл, көк, сары.

**Дидактикалық құралдар:** шарлар, түрлі- түсті гараждар, машиналар, пішіндер, пирамида.

**Блингвистикалық компоненті:** Қызыл - красный, көк – синий, сары - желтый, жасыл – зеленый.

Қызмет кезендері	Педагогтің басқару іс-қимылдары	Балалар қызметі
<p>1 кезең уәждік-түрткі болу</p>	<p>Сәлеметсіңдер ме балалар! -Көңіл күйлерің қалай? -Бүгінгі сабаққа дайынбыз ба? <b>Шаттық шеңбері</b> Табиғат –біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Сұрақ-жауап. <b>Баланың оқу-қызметіне кірісуіне түрткі болу:</b> -Балалар,көзімізді жұмайықшы.Қазір біздер «Түстер әлеміне» саяхатқа барамыз. Топқа әсем әуеннің ырғағымен түстер әлемінің еркесі Еркетай кіреді. -Сәлеметсіздер ме, балақайлар! Менің түстер әлеміме қош келдіңдер! Мен осы түстер әлемінің еркесімін. Менің атым -Еркетай. <b>Проблемалық жағдай орнату</b> Балалар қараңыздар, бізге бүгін Күн күлімдеп тұр, күннің түсі -сары. Сендер бүгін түстер әлеміндегі көптеген түстердің тапсырмаларын орындауларың керек. Менімен бірге орындауға дайынсыңдар ма?</p>	<p>-Сәлеметсіз бе!</p> <p>Иә.</p> <p>Балалар тәрбиешіні тыңдайды</p> <p>Иә ,орындаймыз.</p>

<p>2 кезең</p> <p>проблемалық-ізденістік</p>	<p><b>Балаларды проблеманы шешуге бағдарлау:</b></p> <p>1. Түстеріне байланысты әр көлікті өз гараждарына орналастыру.</p> <p>2. Түрлі- түсті боялған құмның арасынан Еркетайдың тарағы мен айнасын тауып беру.</p> <p>3. Түрлі- түсті шарлардың ішіне дәнді дақылдар жасыру.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b>  Кел, балақан, балақан,  Шапалақта алақан,  Жай-жай-жай.  Қозғап барлық денені,  Қаттырақ қол соқ енді,  Сарт-сарт-сарт.  Айтқан кезде өлеңді,  Ақырын бас еденді  Жай-жай-жай.</p> <p>4. Пирамиданы жинастыру.</p> <p>5. Түстер еркесінің көйлегін сәндеп беру.</p> <p>6. Ойын: «Не жетіспейді?»</p> <p>Балалар қазір жылдың күз мезгілі, ал күз мезгілін қандай түске бейнелеуге болады?</p> <p>Ал маған сары түс туралы, күз туралы тақпақ кім айтады?</p> <p>Балалар, біз «Түстер әлемінің» тапсырмаларын орындадық. Саяхатымыз аяқталды. Енді көзімізді жұмып, өз тобымызға қайтамыз.</p>	<p>1. Көліктерді гараждарына орналастырады.</p> <p>2. Түстер еркесінің тарағы мен айнасын тауып береді.</p> <p>3. Шарларды ішіндегі дәнді дақылдарды сипап сезу арқылы табады.</p> <p>4. Пирамиданы жинастырады.</p> <p>5. Түстер еркесінің көйлегін сәндеп береді.</p> <p>6. Құстың құйрығын, күннің шуағын қыстырғышпен қыстырады. Сары</p>
<p>3 кезең</p> <p>рефлексі-түзетімдеуші</p>	<p><b>Балалар қызметінің нәтижелерін талдау:</b></p> <p>Қане, балалар шеңберге тұрайықшы. Балалар бүгін біз сары, жасыл, көк, қызыл түстерімен таныстық.</p> <p>Балалар біздер менің түстер әлемімнің тапсырмаларында орындап бітірдік. Тапсырмаларымыз да аяқталды. Сендерге бүгінгі тапсырмаларымыз ұнады ма? Сендерге түстер әлемінің сыйлығы бар. (түрлі-түсті шарлар сыйлау).</p>	<p>Иә</p>